

**ӘР СЫНЫП БОЙЫНША ОҚУШЫЛАР САНЫНА ҚАРАЙ
КӨБЕЙТІЛУІ КЕРЕК**

10-сынып

1-тапсырма. Аудиомәтінді тыңдап, берілген нұсқалардың ішінен дұрыс жауапты таңдаңыздар.

1. Әл-Фараби қай қаланың маңында дүниеге келген?

- а) Орал қаласы
- ә) Алматы қаласы
- б) Отырар қаласы

2. Оның балалық шағы қай өзеннің бойында өтті?

- а) Есіл
- ә) Сырдария
- б) Жайық

3. Білімін жетілдіру үшін Әл-Фараби қай қалаға келді?

- а) Түркістан
- ә) Бағдад
- б) Отырар

4. 25-30 жастар шамасында Әл-Фараби не істеген?

- а) сұлтан болған
- ә) өзі ғылыми еңбектер жазған
- б) театр ашқан

5. Әл-Фараби өнердің қай саласы туралы кітап жазған?

- а) би
- ә) музыка
- б) әдебиет

6. Әл-Фарабиді кім деп атаған?

- а) Екінші Евклид
- ә) Екінші Прометей
- б) Екінші Аристотель

7. Әл-Фараби қанша ғылыми еңбек жазған?

- а) 250-ден астам
- ә) 150-ден астам
- б) 100-ден астам

8. Әл-Фараби қай ғылыммен көп айналысқан?

- а) физика
- ә) математика
- б) биология

9. Әл-Фараби қандай аспаптарды жасаған?

- а) домбыра, қобыз
- ә) сыбызғы, домбыра
- б) жетіген, қобыз

10. Әл-Фарабидің қандай қабілеттері болған?

- а) биші, ақын, жырау
- ә) тамаша орындаушы, ақын, ғалым
- б) ақын, би, сазгер

2-тапсырма. Аудиомәтінді тыңдап, берілген нұсқалардың ішінен дұрыс жауапты таңдаңыздар.

11-диалог

1. Кинотеатрда қандай фильмдер апталығы болып жатыр?

- a) халықаралық
- в) түрік
- с) қазақ

2. Айгүл мен Дана үшін қай уақыт ыңғайлы болды?

- a) сағат 15.00-де
- в) сағат 14.00-де
- с) сағат 18.00-де

3. Данаға фильмде не ұнады?

- a) фильмнің сапасы
- в) фильмнің музыкасы
- с) фильмнің сценаріі

4. Фильм кім туралы?

- a) Шоқан Уәлиханов
- в) Мұстафа Шоқай
- с) Мұстафа Өзтүрік

5. Фильмде басты кейіпкер қандай?

- a) батыл
- в) ержүрек
- с) мәтінде айтылмаған

6. Басты рольде кім ойнады?

- a) қалмақ актері
- в) қырғыз актері
- с) қазақ актері

7. Фильмде нені көрсетеді?

- a) өмір қызығын
- в) өмір шындығын
- с) өмір қиялын

8. Диалог бойынша кімге фильм көбірек ұнады?

- a) Данаға
- в) Айгүлге
- с) ешкімге

9. Қазақ фильмдер апталығы туралы кім бұрын естіген?

- a) Дана
- в) Айгүл
- с) көрші

10. Дана қазақ фильмдер апталығы туралы қайдан білді?

- a) газеттен
- в) теледидардан
- с) кинотеатрдан